

M-CHAT-R™

Өзіңіздің балаңыз жайлы мына сұрақтарға жауап беріңіз. Балаңыздың әдеттегі мінез-құлқын ескеріңіз. Баланың өзін осылай бірнеше рет ұстағанын көрсеніз, бірақ ол үшін мұндай мінез-құлық әдеткі болмаса, «жоқ» деп жауап беріңіз. Әр сұраққа «ия» немесе «жоқ» деп жауап беріңіз. Көп рахмет.

1.	Егер Сіз бөлмедегі қандай да бір затты нұсқасаңыз, балаңыз оған қарай ма? (МЫСАЛЫ , ойыншықты немесе жануарды нұсқасаңыз, балаңыз ойыншыққа немесе жануарға қарай ма?)	Ия	Жоқ
2.	Бұрын-соңды балаңыздың құлағы естімеуі мүмкін деген ой келді ме?	Ия	Жоқ
3.	Балаңыз болғансуды ұната ма? (МЫСАЛЫ , бос ыдыстан ішіп жатқан, телефонмен сөйлескен, қуыршақты немесе ойыншық жануарды тамақтандырған бола ма?)	Ия	Жоқ
4.	Балаңыз заттардың үстіне мініп алғанды ұната ма? (МЫСАЛЫ , жиһазға, ойын алаңына, баспалдаққа?)	Ия	Жоқ
5.	Балаңыз басы мен көздерінің маңында саусақтарымен <u>әдеттен тыс</u> қимылдар жасай ма? (МЫСАЛЫ , көздерінің жанында саусақтарын шайқай ма?)	Ия	Жоқ
6.	Әлдебірдеңені сұрағысы келсе немесе көмек сұрап жүгінсе, балаңыз саусағымен нұсқайды ма? (МЫСАЛЫ , қолы жетпей тұрған дәмтатым немесе ойыншықты нұсқап көрсете ме?)	Ия	Жоқ
7.	Балаңыз Сізге көрсеткісі келетін қызықты бірдеңені бір саусағымен көрсете ме? (МЫСАЛЫ , аспандағы ұшақ немесе жолдағы үлкен жүк көлік?)	Ия	Жоқ
8.	Балаңыз басқа балаларға қызығушылық таныта ма? (МЫСАЛЫ , басқа балаларға қарай ма, күле ме немесе оларға жақындай ма?)	Ия	Жоқ
9.	Балаңыз Сізге жай көрсін деп заттарды әкеле ме, оларды Сізге көмектессін деп емес, жай ғана Сізбен бөлісу үшін көрсете ме? (МЫСАЛЫ , Сізге гүлді, ойыншық жануарды, ойыншық жүк көлікті көрсете ме?)	Ия	Жоқ
10.	Балаңыз Сіз оны атын атағанда жауап бере ме? (МЫСАЛЫ , Сізге қарай ма, сөйлей ме немесе былдырлай ма, өз атын естігенде өз істерін қоя тұра ма?)	Ия	Жоқ
11.	Балаңызға күлімсіреп қарасаңыз, ол да Сізге қарап күлімсірей ме?	Ия	Жоқ
12.	Балаңызды күнделікті шулар абыржыта ма? (Мысалы , шаңсорғыштың шуына немесе қатты музыка қосылғанда айқайлай ма немесе жылай ма?)	Ия	Жоқ
13.	Балаңыз жүре ме?	Ия	Жоқ
14.	Балаңызбен сөйлескенде, ойнағанда немесе киіндіріп жатқанда, көзіңізге қарай ма?	Ия	Жоқ
15.	Балаңыз Сіздің әрекеттеріңізді қайталауға талпына ма? (МЫСАЛЫ , қол бұлғау, алақан соғу, Сізден қайталап көңілді шулау)	Ия	Жоқ
16.	Әлдебірдеңеге қарай үшін басыңызды бұрсаңыз, балаңыз Сіздің қайда қарағаныңызды көру үшін басын бұра ма?	Ия	Жоқ
17.	Балаңыз Сізді өзіне қаратуға тырыса ма? (МЫСАЛЫ , балаңыз Сізге мақтау сөз есту, «қарашы» немесе маған қарашы» деп айту үшін қарай ма?)	Ия	Жоқ
18.	Балаңызға бірдеңені істеуді айтқанда, ол Сізді түсіне ме? (МЫСАЛЫ , егер Сіз затты нұсқамасаңыз, балаңыз «кітапты орындыққа қой» немесе «маған көрпе әкеліп берші» деген сөздерді түсіне ме?)	Ия	Жоқ
19.	Қандай да бір жаңа бірдеңе болып жатса, Сіздің бұған қатысты не сезінгеніңізді түсіну үшін балаңыз Сіздің жүзіңізге қарай ма? (МЫСАЛЫ , егер ол оғаш немесе қызықты шу естісе, немесе жаңа ойыншықты көрсе, ол Сіздің жүзіңізге қарай ма?)	Ия	Жоқ
20.	Балаңыз қозғалмалы қимылдарды ұната ма? (МЫСАЛЫ , көтеріп лақтырғанда немесе тізеге салып тербеткенде)	Ия	Жоқ